«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

21.02.2025ж. № 5-НҚ

Қызылорда қаласы | город Кызылорда

«Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасына, 8-бабының 1), 10) 12) тармақшаларына және 20-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 4, 6-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтер осы бұйрыққа №1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясының есептеу құралы болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне сараланған тарифтерді осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жалпы ауданның мөлшерін ескере отырып жылу энергиясын тұтынудың әлеуметтік лимиттерін белгілеу шеңберінде халық санатына жататын жеке тұлғалар үшін жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне сараланған тарифтері осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметалары осы бұйрыққа №4,5,6-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» 2024 жылғы 23 ақпандағы №12-НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

6. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының назарына жеткізсін.

000005

7. «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Қазалы-Теміржолжылу» филиалы тарифтердің енгізілуі туралы ақпаратты тұтынушыларға тариф қолданысқа енгізуге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей хабарласын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары З. Сардарбекке жүктелсін.

9. Осы бұйрық, 2025 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **А. Егембергенов**

ҚР ТЕМІР ЖОЛЫ ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ КОММУНАЛ ДЕПАРТАМЕНТІ РФМ
*** ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
ҚОЛЫ_____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу
комитетінің Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
2025 жылғы 21 ақпандағы
№ 5 -НҚ бұйрығына
№ 2-қосымша

«Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының жылу энергиясының есептеу құралы болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне сараланған тарифтері

Рет саны	Тұтынушылардың топтары	өлшем бірлігі	Тариф (теңге) ҚҚС-сыз
1	үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін	теңге/Гкал	1386,22
	үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін	теңге/Гкал	2279,08
2	өзге де тұтынушылар үшін	теңге/Гкал	16051,07
3	бюджеттік мекемелер үшін	теңге/Гкал	18133,41